

**“Кәмелетке  
толмағандар арасында  
кұқық бұзушылықтың  
алдын алу жұмыстарын  
үйлестіру жолдары”**

**Мақсаты:** Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын үйлестіру бағытындағы іс-тәжірибемен бөлісу, тәжірибелік жұмыстарды бірлесе отырып талқылау

# **I. Кіріспе бөлім**

## **Сәлем-сөздің анасы**

## **II. «Тілек шамы»**

### **Танысу.**

Әрқайсысымыз өз  
атымыздың бастапқы  
әрпіне байланысты өзімізді  
таныстырайық.

Мыс: Мен гүлдей жайнаған  
**Гүлжанмын.**

## **Ш. Сауалнама**

Тәрбие қайдан бастау алады? Баланың қалыпты азамат болып өсуіне не жетпейді?

Ата-аналар үшін отбасылық тәрбие ол - баланың дене және жан рухани қасиеттерін қалыптастыру болып табылады, ал отбасы: әке, ана, бала.

Отбасындағы әкенің мейірімі оттан да ыстық.

Олай болса «Бала тәрбиесі туралы» бейнебаянды көріп ой түйейік. Осы сұрақтарға жауап беру үшін бейнебаянға назар аударайық.

**Бейнебаян.**

## **IV. Ойланайық, пікірлесейік.**

### **I жағдаят. I топ**

Ата-ана баласының мектептен ашуланып келгенін, енді сабаққа барғысы келмейтінін айтып шағымданып келді ата-ананың ойынша баласын әлдекімдер бопсалап жүргенге ұқсайды. Сіз қалай әрекет етер едіңіз?

### **II жағдаят. II топ.**

Алмас сабақтан күнде кешігеді және кейбір кездері сабақтан қашып кетеді. Оны бақылап жүрген директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ретінде, сіздің әрекетіңіз?

### **III жағдаят. III топ.**

Жайсыз жанұядан шыққан Дидар сабаққа дайындықсыз келді. Мұғалім оның сабақта бөгде іспен айналысып, онымен қоса жанындағы оқушыларға тыныштық бермейтінін айтып сізге шағымданды. Сіз не істер едіңіз?

## **Қорытынды:**

1.«Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек өзіңіз дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер, болашақ күрескер өсіп келеді» А.С Макаренко.

2. «Балаға әділ пікір айту үшін оны өз ортамызға алып келіп, олардың рухани дүниесін көруіміз керек» Н.Н. Пигоров

3. «Бала тәрбиесі барлығымыздың бірлескен жұмысымыздың нәтижесі. Бұлардың барлығы қоғамға тәуелді.» Мағжан Жұмабаев  
Дұрыс шешімді өз тәрбиеңізге қолданыңыз.

## **V. Постер қорғау.**

Тәрбие деген бір ғылым, тәрбие деген бір өнер,  
Өзін-өзі өмір бойы тәрбиелейді кемеңгер,  
Тәрбиеге бір дананың тәрбиесі жетпейді,  
Нәтижесі еңбектің бірлескенде еш кетпейді.

### **I топ**

Жағымды баланың сипаты қандай болады?

### **II топ**

Тәртіпсіз баланың сипаты қандай болады?

### **III топ**

«Жайсыз» отбасының сипаты,онымен жүргізілетін жұмыс



Алма ағашының жемісі бар жағына, өз жұмысыңыздағы жетістіктер, ал жемісі жоқ жағына біздің жұмысымызда кездесетін қиындықтар туралы жазып іліңіздер.

## **VI.«Жұдырық» жаттығуы**

**Мақсаты:** Адами қарым-қатынасты дамыту.

**Шарты:** Барлығымыз бір-бірімізге қарама-қарсы отырып, біреуіміз жұдырық түйіп, екіншіміз сол жұдырықты ашуымыз керек. Енді алақандарымызды бір-біріне қойып, қолымызды қысайық.

**Талдау:** Қандай күйде, қандай сезімде болдыңыз?

•

## **Қорытынды:**

Жұдырық түйгендегі сезім: қиындық, қобалжу, қорқыныш болды.

Біз әбден күш көрсетіп, адам жанын қинауға құмармыз. Жай сөйлеп, күштемей ақ қолыңызды аша салыңызшы деп айтуға болар еді.

Алақанның жылуы сияқты әрқашан бір-бірімізге сыйластық, сүйспеншілік, сеніммен жылы қарым-қатынаста болайық?

**Өмір – теңіз,  
Онда жүзем деменіз,  
Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз!**

Осы білім кемесінде біз және  
оқушылар бар. Бәріміздің  
мақсатымыз, тілегіміз тәрбиелі,  
білімді тұлға қалыптастыру.

•